# Тақырыбы: Отбасы құқығы негіздері



Тексерген:Қорлан Бауыржанқызы Орындаған: Құрманова.Ә.Е

# Жоспары:

1. Отбасы құқығы ұғымы және бастаулары.
2. Некеге тұрудың шарттары мен тәртібі. Некені тоқтату.
3. Ерлі–зайыптылардың құқықтары мен міндеттері.
4. Неке шарты.

Қазақстан Республикасының “Неке және отбасы” туралы заңы 1998 ж. 17 желтоқсанда №321-I қабылданды.
Ол 7-бөлім, 28-тарау, 213-баптан тұрады.








**Отбасы құқығы – неке, туысқандық, балаларды отбасына тәрбиеге алудан туындайтын отбасы саласындағы мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды реттейтін құқықтың бір саласы.**





**Неке (ерлі-зайыптылық) – ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туғызатын, отбасын құру мақсатында заңда белгіленген тәртіппен талаптардың ерікті және толық келісімімен жасалған ер азамат пен әйел арасындағы тең құқықты одақ**



# Отбасы құқығының қағидаттары



# Некеге тұрудың шарттары мен тәртібі

**Некеге тұру некеге тұрушы ері мен әйелдің өзара ерікті келісімі және олардың неке жасына жету болып табылады. Біздің заңымызға сәйкес неке жасы – 18 жас.**



Неке біздің елімізде тіркеуден (ЗАГС немесе АХАТ) өтеді. Ертеректе неке суын ішу мешіт арқылы іске асырылған. Қазір әлемнің көптеген елдерінде шіркеуде тіркеледі. Бұл біздің өмірімізге де еніп келеді. АХАТ арқылы некеге тұру қазіргі азаматтық заңдардан туындаған. Себебі ажырасқан жағдайда ол негізгі құжат болып саналады. Балаға материалдық кепілдеме алу, дүние-мүлікті бөлісу соның негізінде, сот арқылы шешіледі.





***Қазақстанда мемлекеттік АХАТ органында тіркелген неке ғана танылады.***
***Қазақстанда некеге тұрған кезде отбасылық қатынастарда әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, тілдік немесе қай дінді ұстанатындығына қарай азаматтардың құқығын шектеудің кез келген түрлеріне тыйым салынады.***



АХАТ органдары дәлелді себептері болған жағдайда неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендете алады. Неке жасына жетпеген адамдардың некеге тұруына ата – аналарының келісімі бойынша ғана рұқсат етіледі. Жүктілік немесе баланың тууы, әскери қызметке шақырылуы, кәмелетке толмағандардың нақты отбасын құруы дәлелді себептердің қатарына жатады. Соның өзінде басқа да дәлелді себептердің болуы мүмкін.

# ОТБАСЫ КОДЕКСІНІҢ 11-БАБЫНДАҒЫ НЕКЕ ҚИЫЛУЫНА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙТІН НЕГІЗДЕР

Бір жынысты адамдардың

Олардың біреуі басқа тіркелген некеде тұратын адамдардың

Жақын туыстардың бала асырап алушылар мен асырап алынған балалардың, асырап алушылардың балалары мен асырап алынған балалардың

Соттың заңдық күшіне енген шешімі бойынша олардың біреуі болса да психикалық ауруы немесе ақыл-есі кемдігі салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың арасында жол берілмейді

# Некені тоқтату және оның негізі.

**Некені тоқтататын оқиғалар қатарына мыналар жатады:**

- Ерінің немесе әйелінің қайтыс болуы, соттың ерлі – зайыптылардың біреуін өлді деп жариялауы;
- Неке ерлі-зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің өтініші бойынша
- Сот әрекетке қабілетсіз деп таныған жұбайының қорғаншысинң өтініші бойынша тоқтатылуы мүмкін

# Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері

Отбасы кодексінің 30-бабына сәйкес ерлі-зайыптылар тең құқықтар пайдаланады және тең міндеттер атқарады.

Ерлі-зайыптылар ана болу, әке болу, балаларды тәрбиелеу, оларға білім беру, ерлі-зайыптылардың тұрғылықты жер мәселесін бірлесіп шешуге міндетті.



Ерлі-зайыптылардың әрқайсысы қызмет түрін, кәсібін және діни сенімін таңдауға ерікті

Отбасының игілігі мен нығаюына, өз балаларының денсаулығына, өсіп-жетілуіне және олардың әл-ауқат жағдайына қамқорлық жасауға міндетті

***Некелік шарт деп* – некеге тұратын адамдардың немесе ерлі – зайыптылардың некеде тұрғандағы немесе оны бұзған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісімдері танылады. Некелік шарт міндетті түрде жазбаша жасалуы және нотариуспен куәландырылуы қажет.**

***Некелік шартты некеге отыратын адамдардың тікелей өздері, сондай – ақ адвокат не нотариус толтыруы мүмкін екендігін айырықша атап көрсету қажет. Некелік шартты нотариалды куәландыру үшін жекеменшік немесе мемлекеттік нотариусқа жүгіну керек. Некелік шартты некені тіркегенге дейін, сондай – ақ некеде тұрған кез келген уақытта жасасуға болады. Некелік шарттың субъектілері не ерлі – зайыптылар, не некеге енді тұруға әзірленіп жатқан адамдар болуы мүмкін (күйеу мен қалыңдық).***

# Топтар



Әкелер

Балалар





Аналар

***Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.***

***Ә.Назарбаев***

Назарларыңызға рахмет!